

# Белестерді бағындыру басты мақсатым

**Биылғы «Жастар жылына» орай «BOBEK» жалпыұлттық қозғалысы» заңды тұлғалардың қауымдастық нысанындағы бірлестігінің ұйымдастыруымен халықаралық Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы «Үздік студент 2019» байқауы бойынша талантты студенттерді І кітап жинаққа енгізу жарияланған болатын.**

Байқауға ТМД елдерінен 700-ге тақау өтініш келіп түскен. Соның ішінде 100-і іріктеліп, 70-і марапатталды. Байқаудың қорытынды шарасы Нұр-Сұлтан қаласының «EXPO -2017» кешенінде өткізілді. Марапатталған 70 жеңімпаздың ішінде Арқалық көпсалалы колледжінің үлгілі студенті Ерасыл Өмірзақовтың есімі аталғаны біз үшін мақтаныш әрі қуаныш. Ол ғылым саласы бойынша II дәрежелі диплом иегері атанып, «Үздік студент 2019» төсбелгісімен марапатталып, соның нақты айғағы ретінде куәлік алды. Жетекшісі Болатбек Оташев ағайының еңбегі ерен. Сол рәсім барысында ағайы да алғыс хатпен мадақталды. Рәсім кезінде Болатбек ағай мінберден сөз алып, ұйымдастырушыларға орасан зор табыс тілеп, жастарға алдағы күндерге сену керектігін нық басып айтты. Мадақтау рәсімінен кейін жеңімпаз студенттер EXPO ғимаратын аралады.

Біз, Ерасылдың болашағы жарқын екендігіне сеніміз. Егер осы алған бетінен таймаса, алдағы күндері де биік белестерді бағындырады. Оған сеніміміз мол!!!

**Жанар ӘБІШ,**
**Арқалық көпсалалы колледжінің**
**арнайы пәндер оқытушысы**